

## Спорт федерацияларын аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 121 бұйрығы.  
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 16 қаңтарда № 10095 тіркелді

«Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 29) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Спорт федерацияларын аккредиттеу қағидасы бекітілсін.

2. «Спорт түрлері бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеу өткізуге және аккредиттеу туралы куәлікті беруге арналған өтініштің нысанын және аккредиттеу туралы куәліктің нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрі міндетін атқарушының 2011 жылғы 29 қарашадағы № 02-02-18/222 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7349 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (Е.Б. Қанағатов) заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықтың мерзімді баспа басылымдарында, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жариялануын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 01.10.2015 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министрі Т.Қ. Есентаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*А. Мұхамедиұлы*

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрінің  
2014 жылғы 27 қарашадағы  
№ 121 бұйрығымен  
бекітілген

## Спорт федерацияларын аккредиттеу қағидалары 1. Жалпы ережелер

1. Осы Спорт федерацияларын аккредиттеу қағидалары (бұдан әрі - Қағида) спорт федерацияларын аккредиттеуден өткізу тәртібін айқындайды.

2. Спорт федерациясы – спорттың бір немесе бірнеше түрін дамыту мақсатында қоғамдық бірлестік нысанында немесе қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі нысанында құрылған коммерциялық емес ұйым.

3. Спорт федерациясын аккредиттеу Қазақстан Республикасының аумағында спорт түрін (түрлерін) дамыту бойынша спорт федерацияларының заңдылығын тану рәсімі.

4. Республикалық және өңірлік спорт федерацияларын аккредиттеуді дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Жергілікті спорт федерацияларын аккредиттеуді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың дене шынықтыру және спорт саласындағы тиісті жергілікті атқарушы орган ( бұдан әрі - жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасының аумағында спорт түрінен (түрлерінен) тиісті аккредиттелген республикалық немесе өңірлік спорт федерациясы жоқ спорт түрінен (түрлерінен) республикалық немесе өңірлік спорт федерация аккредиттеуге жатады.

7. Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімшілік-аумақтық бірлігінде тиісті аккредиттелген жергілікті спорт федерациясы жоқ спорт түрінен (түрлерінен) жергілікті спорт федерация аккредиттеуге жатады.

8. Спорт түрінен (түрлерінен) республикалық спорт федерацияларының Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан астам аумағында орналасқан филиалдары және (немесе) қоғамдық бірлестік нысанындағы немесе заңды тұлғалар бірлестігі нысанындағы қауымдастық (одақ) нысанындағы мүшелері болады.

9. Спорт түрінен (түрлерінен) өңірлік спорт федерацияларының Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан аз аумағында орналасқан филиалдары және (немесе) қоғамдық бірлестік нысанындағы немесе заңды тұлғалар бірлестігі нысанындағы қауымдастық (одақ) нысанындағы мүшелері болады.

10. Спорт түрінен (түрлерінен) жергілікті спорт федерациялары бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімшілік-аумақтық бірлігінде жұмыс істейді.

11. Спорт федерацияларында келесі басқару органдары құрылады:

- 1) жоғары басқару органы;
- 2) басқарудың атқарушы органы;
- 3) тексеру органы.

Спорт федерациясының құрылтай құжаттарына сәйкес басқа да басқару органдары құрылуы мүмкін.

12. Спорт федерациясының жоғары басқару органы спорт федерациясының басқару органдарының құзретін, ұйымдық құрылымын, оларды құру және өкілеттіктерін тоқтату тәртібін, атқарушы органдардың қаржы есептемесін табыс етуінің тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ бақылау органының тексеру жүргізу тәртібін және олардың нәтижелерін бекітуді айқындайды.

Жоғары басқару органының құзыретіне спорт федерациясының құрылтай құжаттары және заңнамалық актілерге сәйкес осы спорт федерациясы қызметінің басқа да мәселелері жатқызылуы мүмкін.

## 2. Спорт федерацияларын аккредиттеуден өткізу тәртібі

13. Аккредиттеуден өту үшін республикалық және өңірлік спорт федерациялары мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аккредиттеуден өткізу туралы өтініш;
- 2) басқарудың атқарушы органының жеке құрамы туралы мәлімет;
- 3) Қазақстан Республикасында спорт федерациясын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәліктің көшірмесін;
- 4) спорт федерациясы (өкілдіктерінің) филиалдарын есепке алып тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәліктің көшірмесі;

5) спорт федерациясы жарғысының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

6) алып тасталды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 28.01.2016 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7) алып тасталды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 28.01.2016 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8) Қазақстан Республикасы атынан Халықаралық олимпиада комитеті, Азия олимпиадалық кеңесі немесе «Спорт-Аккорд» халықаралық конвенті таныған халықаралық спорт ұйымдарына мүшелігін растайтын және оны Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиада комитеті таныған құжаттың көшірмесі - олимпиадалық және олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша спорт федерациялары үшін;

9) Қазақстан Республикасы атынан халықаралық спорт ұйымына мүшелігін және Қазақстан

Республикасының Ұлттық олимпиада комитетінің танығандығы туралы құжаттың көшірмесі – ұлттық спорт түрлері бойынша республикалық және өңірлік спорт федерациялары үшін;

10) спорт түрі (түрлері) бойынша кешенді нысаналы бағдарламасы;

11) спорт түрінен (түрлерінен) жарыс қағидаларының жобасы.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 28.01.2016 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Аккредиттеуден өту үшін жергілікті спорт федерациялары жергілікті атқарушы органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аккредиттеуден өткізу туралы өтініш;

2) басқарушы органның жеке құрамы туралы мәлімет;

3) Қазақстан Республикасында спорт федерациясын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

4) спорт федерациясы жарғысының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) спорт түрі (түрлері) бойынша кешенді нысаналы бағдарламасы;

6) спорт түрінен жарыс қағидаларының жобасы.

15. Спорт түрі (түрлері) бойынша кешенді нысаналы бағдарлама:

спорт түрін (түрлерін) ағымдағы жай – күйін және дамуын талдауды, соның ішінде дене шынықтыру-спорт ұйымдарын құруды және дамытуды;

халықтың әртүрлі топтары арасында өткізілген және жоспарланған спорттық іс-шаралар бойынша анықтаманы;

спортшылардың және спорттық жарыстарға және оқу-жаттығу іс-шараларына қатысатын басқа да тұлғалардың денсаулығын қорғауды және денсаулығын нығайту жағдайларын;

спортшыларды, жаттықтырушыларды және дене шынықтыру және спорт саласының мамандарын қажетті жағдайлармен қамтамасыз етуді;

спорт федерациясы қызметін қаржыландыру көздерін қамтиды.

Спорт түрі (түрлері) бойынша кешенді нысаналы бағдарлама спорт федерациясының шешіміне сәйкес басқа да ережелерді қамтуы мүмкін.

Спорт түрі (түрлері) бойынша кешенді нысаналы бағдарлама басқарудың атқарушы органымен әзірленеді және спорт федерациясының жоғары басқару органымен бекітіледі.

16. Спорт федерациясының жарғысы спорт федерациясы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде спорт федерациясының басқару органдары қабылдайтын шешімдерді орындау міндетін және қаржы қаражатын бөлу тәртібін көздейді.

Спорт федерациясының жарғысы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді қамтиды.

Қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі нысанында құрылған спорттық федерациядан басқа уәкілетті орган республикалық немесе өңірлік спорт федерациясының мәртебесін растау үшін спорт федерациясын тіркеген Қазақстан Республикасының әділет органынан ақпарат сұратады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 17.06.2016 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Уәкілетті және жергілікті атқарушы органдардың құжаттарды қарастыру мерзімі осы Қағиданың 13, 14-тармақтарында көрсетілген құжаттар қабылданған күннен бастап күнтізбелік он бес күнді құрайды.

18. Құжаттарды қарау үшін уәкілетті органда немесе жергілікті атқарушы органда құрамы кемінде бес адамнан тұратын тұрақты жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылады. Комиссия отырысы Комиссия мүшелерінің жалпы санының 2/3-сі жиналған жағдайда өткізіледі.

19. Комиссия құжаттарды қарастырады және қарастыру нәтижесі бойынша уәкілетті органға немесе жергілікті атқарушы органға:

1) спорт федерациясын аккредиттеу;

2) осы Қағиданың 23-тармағында көрсетілген негіздемелер бойынша спорт федерациясын аккредиттеуден бас тарту туралы ұсыным білдіреді.

20. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді. Комиссия отырысының хаттамасы Комиссияның

мүшесі болып табылмайтын, Комиссия хатшысымен жүргізіледі.

21. Комиссия аккредиттеу туралы шешім қабылдаған жағдайда уәкілетті орган бұйрық немесе жергілікті атқарушы орган қаулы шығарады.

22. Уәкілетті органның бұйрығы немесе жергілікті атқарушы органның қаулысы негізінде куәлік беріледі.

23. Спорт федерацияларын аккредиттеуден бас тартуға мыналар негіздеме болып табылады:

1) осы Қағидалардың 13, 14-тармақтарымен көзделген құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) осы Қағидалар талаптарына спорт федерациясының және (немесе) онда ұсынылған деректердің және мәліметтердің сәйкес келмеуі;

3) уәкілетті мемлекеттік органның спорт федерациясын аккредиттеу үшін талап етілетін келісімі туралы сұрау салуға берілген теріс жауап;

4) спорт федерациясына қатысты қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;

5) спорт федерациясына қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде спорт федерациясының спорт федерациясын аккредиттеуді алуға байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 17.06.2016 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. Комиссия аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда соңғысына аккредиттеуден дәлелді бас тартуды жолдайды.

24-1. Спорт федерациясы аккредиттеуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, спорт федерациясының осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен қайта жүгіну мүмкіндігі бар.

**Ескерту. 2-тарау 24-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 17.06.2016 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25. Уәкілетті және жергілікті атқарушы органдар берілген куәліктерді тіркеуді жүргізеді.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 01.10.2015 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

26. Куәлік жоғалған жағдайда, спорт федерациясы бұл туралы куәлікті берген уәкілетті немесе жергілікті атқарушы органға хабарлайды және куәліктің телнұсқасын беру туралы осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Куәліктің телнұсқасын беру уәкілетті немесе жергілікті атқарушы органдарға куәліктің телнұсқасын беру туралы өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 01.10.2015 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

27. Спорт федерациясының атауы және (немесе) оның заңды мекенжайы өзгерген жағдайда, спорт федерациясы бұл туралы куәлік берген уәкілетті немесе жергілікті атқарушы органға хабарлайды және куәлікті қайта ресімдеу туралы осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысанда өтініш береді.

Қайта ресімделген куәлікті беру уәкілетті немесе жергілікті атқарушы органдарға куәлікті қайта ресімдеу туралы өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 01.10.2015 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3. Спорт федерацияларын аккредиттеу туралы куәлікті тоқтату, қайта жаңарту және қайтарып алу тәртібі**

28. Алып тасталды - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 28.01.2016 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Куәлікті тоқтатуға мыналар негіздеме болып табылады:

1) аккредиттелген спорт федерациясы «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабында және «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабында белгіленген міндеттерді орындамауы (мәліметке әділет органдарынан сұрау салынады);

2) спорт (түрі) түрлері бойынша кешенді нысаналы бағдарламада қарастырылған іс-шаралар орындалмауы;

3) қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі нысанында құрылған спорттық федерациядан басқа спорт федерациясы республикалық немесе өңірлік мәртебесін растамаса;

4) спорт федерациясының және (немесе) оның филиалдарының әрекетсіздігі (мәліметке уәкілетті немесе жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мемлекеттік кіріс комитетінен және оның аумақтық органдарынан тиісінше мәліметтерге жылына бір реттен жиілетпей сұрау салады).

Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 01.10.2015 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.06.2016 № 169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

30. Уәкілетті органның бұйрығында немесе жергілікті атқарушы органның қаулысында куәліктің күшін тоқтатуға негіздеме болған себептерді жою үшін мерзім белгіленеді.

31. Куәлікті тоқтату мерзімі алты айдан аспайды.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 01.10.2015 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Куәліктің қолданылуын тоқтатуға әкеп соқтырған себептерді уақытылы жойған жағдайда ол уәкілетті органның бұйрығы немесе жергілікті атқарушы органның қаулысы негізінде жаңартылады.

33. Куәлік мынадай жағдайларда қайтарылып алынады:

1) уәкілетті немесе жергілікті атқарушы орган белгілеген мерзімде куәлікті тоқтатуға негіздеме болған себептер жойылмаса;

2) құқықтық мирасқорлықты қарастырмайтын қайта құру кезінде немесе спорт федерациясы таратылғанда.

Ескерту. 33-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 01.10.2015 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Уәкілетті немесе жергілікті атқарушы органның куәлікті тоқтату, қайта жаңарту және қайтарып алу туралы шешімі уәкілетті органның тиісті бұйрығымен немесе жергілікті атқарушы органның қаулысымен шығарылады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 01.10.2015 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Уәкілетті немесе жергілікті атқарушы орган тиісті шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде куәлікті тоқтатқаны, қайта жаңартқаны, қайтарылып алынғандығы туралы спорт федерациясына жазбаша хабарлама жібереді.

36. Уәкілетті немесе жергілікті атқарушы органның шешімімен келіспеген жағдайда сот тәртібімен шағым жасалады.

Кімге \_\_\_\_\_  
(дене шынықтыру және спорт жөніндегі

\_\_\_\_\_ уәкілетті және (немесе) жергілікті атқарушы орган

\_\_\_\_\_ басшысының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

Кімнен \_\_\_\_\_  
(спорт федерациясы басшысының

\_\_\_\_\_ немесе өкілінің тегі, аты, әкесінің аты)

\_\_\_\_\_ (мекенжайы, телефоны, электронды поштасы)

Аккредиттеуді өткізуге  
ӨТІНІШ

Сізден \_\_\_\_\_  
(мәртебесі көрсетілген спорт федерациясының атауы)

\_\_\_\_\_ аккредиттеу өткізуді сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) \_\_\_\_\_
- 2) \_\_\_\_\_
- 3) \_\_\_\_\_
- 4) \_\_\_\_\_
- 5) \_\_\_\_\_
- 6) \_\_\_\_\_
- 7) \_\_\_\_\_
- 8) \_\_\_\_\_
- 9) \_\_\_\_\_
- 10) \_\_\_\_\_
- 11) \_\_\_\_\_

Мөр орны \_\_\_\_\_  
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты)

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Өтініштің түскен күні 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (өтінішті қабылдаған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)

Нысан



Спорт федерациясын аккредиттеу туралы  
**КУӘЛІК**  
№

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 01.10.2015 № 306 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

\_\_\_\_\_ (дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның атауы көрсетіледі)

\_\_\_\_\_ (мәртебесі көрсетілген спорт федерациясының атауы және заңды мекен жайы)

\_\_\_\_\_ (Қазақстан Республикасы немесе облыс немесе республикалық маңызы бар қала немесе астана көрсетіледі)

\_\_\_\_\_ (спорт түрі (түрлері) көрсетіледі)  
дамыту бойынша өкілеттіктері мен құқықтарын растайды.

Мөр орны \_\_\_\_\_  
(қолы) \_\_\_\_\_ (уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның басшысының тегі, аты, әкесінің аты)

Берілген күні:

Нысан

Кімге \_\_\_\_\_  
(дене шынықтыру және спорт жөніндегі  
\_\_\_\_\_ уәкілетті және (немесе) жергілікті атқарушы орган  
\_\_\_\_\_ басшысының лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)  
Кімнен \_\_\_\_\_  
(спорт федерациясы басшысының  
\_\_\_\_\_ немесе өкілінің тегі, аты, әкесінің аты)  
\_\_\_\_\_ (мекенжайы, телефоны, электрондық поштасы)

Куәліктің телнұсқасын беру (қайта рәсімдеу) туралы  
ӨТІНІШ

Сізден \_\_\_\_\_  
(мәртебесі көрсетілген спорт федерациясының атауы)

аккредиттеу туралы куәлігінің телнұсқасын беруді (қайта рәсімдеуді)  
сұраймын.

Мөр орны \_\_\_\_\_  
(қолы) \_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты)

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Өтініштің түскен күні 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (өтінішті қабылдаған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты)